

Туристік қызмет көрсетудің үлгі шартын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 16 қазандағы N 957 Қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 4 маусымдағы
№ 405 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 04.06.2015 № 405 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 13 маусымдағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Туристік қызмет көрсетудің үлгі шарты бекітілсін.
2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2008 жылғы 16 қазандағы

N 957 қаулысымен

бекітілген

Туристік қызмет көрсетудің үлгі шарты

"_____ " _____ 2008 ж.

Бұдан әрі "Орындаушы" деп аталатын _____

атынан

(туристік қызметті жүзеге асыратын тұлғаның толық атауы)

және _____

берген

_____ ж. " _____ " _____ N _____ лицензияның негізінде әрекет ететін _____

(тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы)

бір тараптан және бұдан әрі "Тұтынушы" деп аталатын _____

(тегі, аты, әкесінің аты)

жеке басын куәландыратын құжаты _____

(нөмірі, берілген күні, кім берді)

екінші тараптан, бұдан әрі Тараптар деп аталатындар, мына төмендегілер туралы осы шартты (бұдан әрі - Шарт) жасасты:

1. Шарттың мәні

1. Орындаушы осы Шартта көзделген көлемде және шарттарда Тұтынушының саяхат кезеңіндегі және осы саяхатқа байланысты қажеттілігін қанағаттандыру үшін қажетті туристік қызмет көрсетуге міндеттенеді.

2. Орындаушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігі (тек қана туроператор/турагент үшін) туроператордың _____

(сақтандырушының атауы)

_____ ж." _____ " _____ N _____ қолданыстағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартына сәйкес сақтандырылды.

3. Тұтынушы отбасының деректері _____

4. Өткізілетін туристік өнімді туроператор қалыптастырады

_____ (туроператордың толық атауы, лицензияның N, мекен-жайы, банктік деректемелері, телефоны және E-mail) және Орындаушы - турагент _____ ж." _____ " _____ N _____ Шарттың негізінде өткізеді.

2. Тұтынушыға берілетін ақпарат

1. Саяхаттың бағдарламасын және бағытын сипаттау _____

_____ (уақытша болатын (жер) ел, болатын пункттер, туристік ресурстарға бару)

2. Саяхаттың басталған және аяқталған күні мен уақыты

_____ 3. Тұтынушыны тасымалдау жөніндегі қызметтер

_____ (трансфертті коса алғанда, саяхаттың барлық кезеңіндегі көліктің түрі, үлгісі және санаты, тасымалдаушының (тасымалдаушылардың) атауы)

4. Саяхаттың ерекшелігі _____

_____ 5. Тұтынушыны орналастыру орындары туралы ақпарат

_____ (орналастыру орындарының атауы, оның санаты, тұру, тамақтану жағдайлары)

6. Белгіленген жерге жүкті жеткізу шарты _____

3. Тұтынушыға туризм нұсқаушысы беретін ақпарат

1. Туристік бағыттың атауы _____
2. Тұтынушының жүру жолы _____
3. Туристік бағыттың ұзындығы мен ұзақтығы _____
4. Қауіпсіздік шаралары _____
5. Киімге және жабдықтарға қойылатын талаптар _____

(қажет болған кезде толтырылады)

6. Туристік бағыттың қиын учаскелерін қысқаша баяндау _____
-

4. Бағасы және оны төлеу тәртібі

1. Осы Шарт бойынша қызмет көрсету құны _____ теңгені құрайды.
2. Тур құрамына кіретін қызметті алған кезде Орындаушы Тұтынушыға туристік ваучер (және/немесе туристік жолдама) береді.
Орындаушы Тұтынушының келісімінсіз ақысына қосымша қызметтер көрсете алмайды. Тұтынушы осындай қызметтерді төлеуден бас тарта алады, ал егер олар төленген болса, Орындаушы төленген соманың қайтарылуын қамтамасыз етеді.

5. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

1. Саяхатқа дайындық кезінде транзитті қоса алғанда, оны жүзеге асыру уақытында Тұтынушы мыналарға құқылы:
 - 1) оның жеке қауіпсіздігіне немесе мүлкіне қол сұғылған жағдайда консульдық, дипломатиялық, өзге мемлекеттік, сондай-ақ туристік өкілдіктерге х а б а р л а у ғ а ;
 - 2) уақытша болатын елге (жерге) кіру, сондай-ақ уақытша болатын елден (жерден) шығу және онда болу ережелері, уақытша болатын елдің (жердің) заңнамасының ерекшеліктері, жергілікті халықтың дәстүрлері, діни әдет-ғұрыптары, киелі жерлері, табиғат, тарих, мәдениет ескерткіштері және ерекше қорғауға алынған басқа да туристік көрсету объектілері, қоршаған ортаның жай-күйі туралы қажетті және дұрыс ақпаратқа;
 - 3) уақытша болатын ел (жер) қабылдаған шектеу шараларын ескере отырып, жүріп-тұру еркіндігіне, туристік ресурстарға бару еркіндігіне;
 - 4) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Орындаушы туристік қызмет көрсету Шартының талаптарын орындамаған жағдайда шығындары мен моральдық зиянының орнын толтыруға;
 - 5) Орындаушы Шартты орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайда және тәртіппен

Ш а р т т ы

б ұ з у ғ а ;

6) Орындаушыға Шартты орындаудан бас тарту туралы хабардар етілгенге дейін көрсетілген қызметтері үшін олардың іс жүзінде шығарған шығындарын төлеген жағдайда, саяхат басталғанға дейін Шартты орындаудан бас тартуға;

7) жедел медициналық жәрдем алуға;

8) шетелдік туристерге құқықтық және өзге көмек түрлерін алуда Қазақстан Республикасы мемлекеттік билік органдарының жәрдемдесуіне;

9) қолда бар байланыс құралдарына кедергісіз қол жеткізуге.

2. Транзитті қоса алғанда, саяхат уақытында Тұтынушы мыналарға міндетті:

1) уақытша болатын елдің (жердің) заңнамасын сақтауға;

2) уақытша болатын елде (жерде) қоршаған ортаны сақтауға, табиғат, тарих және мәдениет ескерткіштеріне мұқият болуға;

3) уақытша болатын елге (жерге) кіру және онда болу, сондай-ақ уақытша болатын елден (жерден) кету және транзиттік өту елдерінде болу ережелерін сақтауға ;

4) саяхат уақытында жеке қауіпсіздік ережелерін сақтауға.

Уақытша болатын елге (жерге) саяхатқа баруды болжамдайтын Тұтынушылар, халықаралық медициналық-санитарлық ережеге сәйкес алдын-ала тексерістен өтуге міндетті.

Өзге міндеттер болатын елдің (жердің) заңнамасымен анықталады.

3. Тұтынушының кінәсінен болған жағдайдан басқа, Орындаушы тапсырыс берушіге Шартты бұзудан келтірілген залалды толық өтеген жағдайда ғана Шартты орындаудан бас тартуға құқылы.

4. Орындаушы мыналарға міндетті:

1) осы Шарт бойынша қызметтерді тиісті түрде, сапалы және мерзімінде көрсетуге ;

2) туристік өнімге кіретін жеке туристік қызметтер көрсететін нақты үшінші тұлғалар туралы ақпаратты ұсынуға;

3) жолаушыларды кез келген көлік түрінде тасымалдаған кезде Тұтынушыға жүру және болу пункттерінің атаулары, жолаушылардың негізгі құқықтары мен міндеттері бар жеке немесе топтық (туристік топқа қызмет көрсеткен кезде) тасымалдау құжатын (билетін) беруге;

4) Тұтынушыларға саяхат басталғанға дейін үш күн бұрын жазбаша түрде уақытша болатын елге (жерге) бару, одан шығу және онда болу ережелері туралы , заңнамасы туралы, жергілікті халықтың салт-дәстүрлері туралы, діни әдет-ғұрыптары, киелі жерлері, табиғат, тарих, мәдениет ескерткіштері және туристерге көрсетілетін ерекше қорғаудағы басқа да объектілер, қоршаған ортаның жай-күйі туралы, сондай-ақ саяхат жасаған кезде тап болуы мүмкін қауіптер туралы қажетті және дұрыс ақпаратты қамтитын саяхаттың

ерекшеліктері туралы мәліметтер беруге және Тұтынушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған алдын алу шараларын жүзеге асыруға;

5) саяхат уақытында Тұтынушымен төтенше жағдай болғаны туралы білген немесе білуге тиіс болған сәттен бастап туристік қызмет саласындағы уәкілетті органға әрі табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдай саласындағы уәкілетті органға, сондай-ақ Тұтынушының отбасына дереу хабарлауға міндетті.

Егер шетелдік туристер Қазақстан Республикасының аумағында немесе Қазақстан Республикасының турист азаматтары Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде төтенше жағдайға ұшыраған болса, Орындаушы дипломатиялық қызмет органдарына да хабарлауға міндетті.

6. Тараптардың жауапкершілігі

1. Туристік қызметтің сапасы және (немесе) көлемі басқа елге келген жері бойынша не жүру бағыты бойынша Шарт талаптарына сәйкес келмеген жағдайда Орындаушы Шарт талаптарының тиісінше орындалмағаны үшін жауапты болады.

2. Шартты Тұтынушының кінәсінен орындау мүмкін болмаған жағдайда, егер заңнамалық актілерде немесе өтеусіз қызмет көрсету Шартында өзгеше көзделмесе, қызметтерге толық көлемде ақы төленуі тиіс.

3. Шартты орындамау мүмкіндігі тараптардың бірде бірі жауап бермейтін мән-жайлар бойынша туындаған жағдайда Тұтынушы Орындаушыға іс жүзінде шығарған шығындарын өтейді.

4. Жолаушыларды кез келген көлік түрімен тасымалдаған кезде Орындаушы Тұтынушыға жүру және бару пункттерінің атауы, жолаушылардың негізгі құқықтары мен міндеттері бар жеке немесе топтық (туристік топқа қызмет көрсеткен кезде) тасымалдау құжатын (билетін) беруге міндетті.

5. Таразыға тартылуға ұсынылмаған жүктің тасымалы мен сақталуы үшін жауапкершілік Тұтынушыға жүктеледі. Егер Орындаушы тасымалға алынған жүкке билет, багаж түбіртегін немесе жүк құжаттамасын берсе, бірақ олар дұрыс ресімделмеген немесе жоғалған, немесе қандай да бір себептермен ұсынуға мүмкіндік болмаған жағдайда тасымалдау Шарты күшінде қалады.

6. Орындаушы саяхат жасау кезінде дүлей күштің салдарынан Тұтынушыға келтірілген залал үшін жауап бермейді.

7. Шартты жасасу кезінде басшылыққа алынған мән-жайдың елеулі түрде өзгеруіне байланысты тараптардың әрқайсысы Шартты өзгертуді немесе бұзуды талап етуге құқылы.

8. Мән-жайлардың елеулі түрде өзгеруіне мыналар жатады:

1) саяхат жағдайларының нашарлауы, саяхат мерзімінің өзгеруі;

2) көлік тарифтерінің ойламаған жерден өсуі;
3) салық пен алымдардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің жаңа ставкаларын енгізу немесе қолданыстағы ставкаларының а р т у ы ;

4) тараптардың келісімі бойынша белгіленетін өзге де негіздер.

9. Осы Шартта көзделмеген тараптардың жауапкершілік шаралары Қазақстан Республикасының аумағында қолданыстағы азаматтық заңнаманың нормаларына сәйкес қолданылады.

7. Қорытынды ережелер

1. Осы Шартқа барлық толықтырулар және өзгерістер жазбаша жасалуы және екі тарап қол қоюға тиіс.

2. Осы Шарт бірдей заң күші бар орыс және мемлекеттік тілдерінде екі дана да жасалды.

3. Осы Шартқа мынадай құжаттар қоса беріледі:

1) туристік қызметке арналған тиісті лицензияның көшірмесі;

2) туристің жадынамасы;

3) туристік жолдама;

4) ақы төленгендігі туралы түбіртек;

5) туристік ваучер (туристік өнімді өткізген кезде).

8. Тараптардың мекен-жайлары мен деректемелері

(Орындаушының толық атауы)

(Тұтынушының Т.А.Ә.)

(мекен-жайы, телефоны, факсы)

(мекен-жайы, телефоны, факсы)

(қолы)

(қолы)

Мөр орны